

"Ғылым туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 шілдедегі N 680 Қаулысы

Ескерту. Заңның жобасы Қазақстан Республикасының Парламентінен кері қайтарып алынды - ҚР Үкіметінің 2009.09.14. N 1368 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Ғылым туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Ғылым туралы

1 - т а р а у . Ж а л п ы е р е ж е л е р

2-тарау. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектілері

3-тарау. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне ғылыми зияткерлік меншік құқығы

4-тарау. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті басқару

5 - т а р а у . Ғ ы л ы м д ы қ а р ж ы л а н д ы р у

6-тарау. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті кадрмен қамтамасыз ету

7-тарау. Ғылым мен техника саласындағы халықаралық қызмет

8 - т а р а у . Қ о р ы т ы н д ы е р е ж е л е р

Осы Заң ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, ғылыми және ғылыми-техникалық сала субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ғылым - функциясы табиғи байлықтарды ұтымды пайдалану және қоғамды тиімді басқару мақсатында табиғат, қоғам және ойлау заңдарын зерделеуге, болмыс туралы объективті білімді тұжырымдау және теориялық жағынан жүйелеу болып табылатын адам қызметінің саласы;

2) ғылым бойынша ұлттық баяндама - әлемдік және отандық ғылымның даму үрдістері мен жай-күйін талдауды, ғылымды дамытудың басым бағыттарын негіздеуді және елдегі ғылымның одан әрі дамуы үшін ұсыныстарды қамтитын, Қазақстан Республикасы Президентіне ұсынуға арналған жыл сайынғы есеп беру;

3) ғылым докторы - философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі бар, немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі бар ізденушіге диссертация қорғау негізінде диссертациялық кеңес беретін және уәкілетті орган бекітетін ғылыми дәреже. Ғылым докторы ғылыми дәрежесі жаратылыстану, гуманитарлық және техникалық ғылымдар саласында іргелі, ірі теориялық және қолданбалы проблемаларды әзірлегені және шешкені үшін, сондай-ақ енгізілуі қоғамның ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге елеулі үлес қосатын техникалық, экономикалық және технологиялық шешімдерді ғылыми негіздегені үшін беріледі;

4) ғылым кандидаты - жоғары арнаулы білімді маман біліктілігін иемденетін немесе магистр академиялық дәрежесі бар ізденушінің қорғаған диссертациясы негізінде мамандарды даярлаудың үш сатылы үлгісіне толық өткенге дейін диссертациялық кеңес беретін және уәкілетті орган бекітетін ғылыми дәреже;

5) ғылыми-білім беру консорциумы - бірлескен қызмет туралы шарт негізіндегі ерікті тең құқылы бірлестік, онда ғылыми ұйымдар, жоғары оқу орындары және өндіріс саласындағы басқа да заңды тұлғалар іргелі, қолданбалы ғылыми зерттеулер мен технологиялық инновацияларды әзірлеу, жоғары білікті мамандар даярлау үшін зияткерлік, қаржылық және өзге де ресурстарды біріктіреді;

6) ғылыми грант - азаматтар мен заңды тұлғалардың, оның ішінде шетел азаматтары мен шетелдік заңды тұлғалардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте ел аумағында грант беру құқығын алған халықаралық ұйымдардың грант берушілер мен грант алушылар арасындағы келісім-шартта қарастырылған талаптарға сәйкес нақты ғылыми зерттеулер жүргізуге арналған өтеусіз және қайтарымсыз беретін ақшалай немесе өзге қаражаттары;

7) ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектісі - ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

8) ғылыми және инженерлік-техникалық қызметкерлерді аттестаттау - ғылыми ұйым қызметкерлерінің еңбек жөніндегі уәкілетті орган белгілеген лауазымдардың біліктілік сипаттамасына сәйкестігін белгілеу бойынша бағалау іс-әрекеттерінің жүйесі;

9) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі - жаңа білімді немесе жаңа шешімдерді қамтитын және кез келген ақпарат жеткізгішінде тіркелген ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің өнімі;

10) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық өнім - ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің іске асыруға арналған нәтижесі, сондай-ақ жаңа бұйымдар, материалдар мен заттардың модельдері, пішіндері және үлгілері;

11) ғылыми-зерттеу жұмысы - бар білімдерді кеңейту және жаңа білімдер алу, ғылыми болжамдарды тексеру, табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын орнықтыру, ғылыми жинақтау, ғылыми негіздеу мақсатындағы ғылыми ізденіспен, зерттеулер және тәжірибелер жүргізумен байланысты жұмыс;

12) ғылыми зияткерлік меншік - бұл ғылыми-зерттеу, жобалау, ізденіс, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың нәтижелеріне жеке және заңды тұлғалардың ерекше меншік құқығы;

13) ғылыми қызмет - зерттелетін объектілерге, құбылыстарға (үдерістерге) тән ерекшеліктер мен заңдылықтарды айқындау мақсатында қоршаған болмысты зерделеуге және алынған білімді іс жүзінде пайдалануға бағытталған үдеріс;

14) ғылыми қызметкер - ғылыми және ғылыми-техникалық жұмысты кәсібилікпен орындайтын және ғылыми ұйымда тиісті қызмет атқаратын жоғары білімі, қажетті біліктілігі бар жеке тұлға;

15) ғылыми-техникалық ақпарат - отандық және шетелдік ғылым, техника, технология жетістіктері жөніндегі мәліметтерді қамтитын ғылыми, ғылыми-техникалық, инновациялық және өндірістік қызмет барысында алынатын ақпарат;

16) ғылыми-техникалық қызмет - технологиялық, конструкторлық, экономикалық, әлеуметтік-саяси және өзге де проблемаларды шешу үшін ғылым мен техниканың барлық салаларында жаңа білім алу мен қолдануға, ғылымның, технологияның және өндірістің біртұтас жүйе ретінде қызмет істеуін қамтамасыз етуге бағытталған үдеріс;

17) ғылыми ұйым - ұйымдық-құқықтық нысаны мен меншік нысанына қарамастан ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

18) ғылыми ұйымдарды аккредиттеу - ғылыми ұйымның ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің уәкілетті орган белгілеген талаптары мен стандарттарына сәйкестігін тану рәсімі;

19) диссертациялық кеңес - республиканың ғылыми ұйымдары мен жоғары оқу орындары жанынан құрылатын, ғылым кандидаты мен ғылым докторы ғылыми дәрежелерін алуға ұсынылатын ғылыми-зерттеу жұмыстарды қарау жөніндегі кеңес;

20) инженерлік-техникалық қызметкер - ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық нәтиже алуға және оның іске асырылуына жәрдемдесетін және ғылыми ұйымда жұмыс атқаратын орта кәсіптік немесе жоғары кәсіптік білімі бар жеке тұлға;

21) қолданбалы ғылыми зерттеу - қол жеткен ғылыми нәтижелерді, алынған ғылыми өнімді тікелей іс жүзінде қолдану мақсатында орындалатын ғылыми зерттеу;

22) мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама - сараптама объектісінің объективті талдамалық бағалауын алу және ғылыми-техникалық прогрестің маңызды мәселелері бойынша қабылданатын шешімдердің негізділік деңгейін айқындау үшін уәкілетті орган ұйымдастыратын бағалау іс-әрекеттері мен қорытындыларының жүйесі;

23) тапсырыс беруші - ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар орындау үшін мердігерге тапсырыс беретін жеке немесе заңды тұлға;

24) тәжірибелік-конструкторлық жұмыс - өнімді жасау немесе жанарту кезінде орындалатын жұмыстар кешені, тәжірибелік үлгілерге арналған конструкторлық және технологиялық құжаттамаларды әзірлеу, тәжірибелік үлгілерді дайындау және сынау;

25) тәжірибелік өндіріс - жаңа өнімдер мен жаңа технологиялық үдерістердің тәжірибелік үлгілерін дайындау мен сынақтан өткізу негізгі қызметі болып табылатын ғылыми ұйымдардың құрылымдық бөлімшелері немесе заңды тұлғалар;

26) тиісті саланың уәкілетті органы - ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы басшылықты жүзеге асыратын тиісті саланың мемлекеттік органы;

27) уәкілетті орган - ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

28) іргелі ғылыми зерттеу - табиғат, қоғам, адам дамуы мен олардың өзара байланысының негізгі заңдылықтары туралы жаңа ғылыми білім алуға бағытталған теориялық және (немесе) тәжірибелік зерттеу.

2-бап. Қазақстан Республикасының ғылым туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының ғылым туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңнан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

2-тарау. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектілері

3-бап. Ғылыми қызметкердің құқықтары мен міндеттері

1. Ғылыми қызметкердің:

1) ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет туралы шарт жасай отырып, бюджет қаражаты, ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті қолдау қорлары және өзге де көздер есебінен ғылыми зерттеулерді қаржыландыруға арналған конкурстарға қатысуға ;

2) жетекші отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу және білім беру орталықтарында кәсіби біліктілігін көтеруге;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасында тыйым салынбаған ғылыми және ғылыми-техникалық салада кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға;

4) оқытушылық қызметпен шұғылдануға, консультациялық көмек көрсетуге, сондай-ақ өз құзыреті шегінде ғылым саласында сараптамалық жұмыстар жүргізуге;

5) Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктер туралы заңнамасында қарастырылған тәртіпте ерікті негізде қоғамдық бірлестіктер (ғылыми, ғылыми-техникалық және ғылыми-ақпараттық қоғамдар, ғылым академияларын) құруға ;

6) республикалық және шетелдік ғылыми қоғамдастықтарға кіруге немесе с а й л а н у ғ а ;

7) халықаралық ғылыми және ғылыми-техникалық ынтымақтастыққа қатысуға;

8) ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелері туралы ақпаратқа, соның

ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте мемлекеттік және заңмен қорғалатын өзге де құпияға жататын мәліметтерге қол жеткізуге;

9) егер ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет нәтижелерінің мемлекеттік және заңмен қорғалатын өзге де құпияға жататын мәліметтері болмаса, оларды баспасөзде жариялауға;

10) адамға, қоғамға және қоршаған ортаға теріс ықпал ететін ғылыми зерттеулер жүргізуге, ғылыми-техникалық және инновациялық әзірлемелерге қатысудан дәлелді себептермен, сондай-ақ моральдық пайымдаулары бойынша бас тартуға;

11) еңбегін, денсаулығын қорғауға, қауіпсіз еңбек жағдайына;

12) ғылыми зерттеулер мақсатына жету үшін Қазақстан Республикасы заңнамасында тыйым салынбаған басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқығы бар.

2. Ғылыми қызметкер:

1) ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыруға;

2) ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің мемлекеттік және заңмен қорғалатын өзге де құпияға жататын нәтижелерін жарияламауға;

3) жасалған шарттарға (келісім-шарттарға) сәйкес ғылыми зерттеулерді жүзеге асыруға;

4) уәкілетті орган белгілеген тәртіпте лауазымдардың біліктілік сипаттамаларына сәйкестігіне аттестаттаудан өтуге міндетті.

4-бап. Ғылыми қызметкерлерді әлеуметтік қамсыздандыру және олардың қызметінің мемлекеттік кепілдіктері

1. Мемлекеттік тапсырысты орындайтын мемлекеттік ғылыми ұйымдардың ғылыми қызметкерлеріне ғылыми дәрежесі үшін ай сайын ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор үшін бір айлық ең төменгі жалақы және ғылым докторы үшін екі айлық ең төменгі жалақы мөлшерінде қосымша ақы белгіленеді.

2. Шетелден жоғары біліктілікті ғылыми қызметкерлерді тарту мақсатында олардың біліктілік деңгейі мен тұрып жатқан еліндегі айлық еңбекақы деңгейін есепке ала отырып, еңбекақының формасын еңбек шарты негізінде белгіленуіне рұқсат етіледі.

3. Мемлекеттік ғылыми ұйымдардың, мемлекеттік меншіктің үлесі бар ғылыми ұйымдардың ғылыми қызметкерлеріне, оның ішінде ғылым докторларына ұзақтығы күнтізбелік 56 күн, ғылым кандидаттарына, бейіні бойынша докторлар мен философия докторларына (PhD) 42 күнтізбелік күн, басқа ғылыми қызметкерлерге 35 күнтізбелік күн төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы беріледі.

4. Ғылыми қызметкерлер біліктілігін арттыру үшін докторантурада (PhD) оқуы, әлемнің жетекші жоғары оқу орындарында, ғылыми орталықтарында және зертханаларында тағылымдамалардан өтуі мүмкін.

5. Ғылыми қызметкерлер:

1) ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметтегі ірі жетістіктері

үшін Қазақстан Республикасы Президенті тағайындаған Ғылым мен техника саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлығына ұсынылуы мүмкін;

2) ерен еңбегі үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалар туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларына ұсынылуы мүмкін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте ғылымды дамытудағы елеулі үлесі үшін:

үздік ғылыми зерттеулер мен жұмыстар, ғылым саласындағы көрнекті жетістіктер үшін атаулы сыйлықтарды алуға;

ғылым мен техниканы дамытудағы елеулі үлес қосқаны үшін, мемлекетке басым бағыттарда іргелі және қолданбалы зерттеулерді жүргізуге, жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлауға белсенді қатысатын, ғылыми проблемаларды шешу бойынша зерттеулерді жүргізуге белсенді қатысатын және ғылыми қоғамдастықтың танылуына ие болған ғалымдар мен мамандарға, сондай-ақ 35 жасты қоса алғанда және дейінгі талантты жас ғалымдарға тағайындалатын мемлекеттік ғылыми стипендияларды алуына ұсынылуы мүмкін.

6. Мемлекеттік бюджет есебінен қамтамасыз етілетін, азаматтық қызметші болып табылатын ғылыми қызметкерлер, оларға кезекті еңбек демалысын беру кезінде лауазымдық жалақы мөлшерінде күнтізбелік жылда бір рет сауықтыру жәрдемақысын алады.

5-бап. Ғылыми ұйымдар және олардың құқықтары

1. Мемлекеттік меншікке негізделген ғылыми ұйымдар мемлекеттік ғылыми ұйымдар болып табылады.

2. Мемлекеттік ғылыми ұйымдар немесе мемлекеттік меншіктің үлесі бар ғылыми ұйымдар құрамынан оның эксперименттік базасы болып табылатын тәжірибелік өндірістер бөлініп шыға алмайды.

3. Ғылыми ұйымдардың:

1) ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметтің бағыттарын айқындауға;

2) ғылыми зерттеулерді, оның ішінде ғылыми ұйымдар бағдарына сәйкес келетін мемлекеттік, салалық (секторлық) ғылыми-техникалық бағдарламаларды, инновациялық жобаларды, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыруға арналған конкурстарға қатысуға;

3) ғылыми ұйымдармен, жоғары оқу орындарымен және басқа да заңды тұлғалармен тікелей байланысты дамытуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте бірлестіктер мен консорциумдарға кіруге, филиалдар, еншілес және бірлескен кәсіпорындар құруға;

5) ғылыми еңбектер, мерзімдік басылымдар шығаруға, ғылыми-техникалық деректер банкін қалыптастыруға, ғылыми конференциялар және басқа да ғылыми

і с - ш а р а л а р

ө т к і з у г е ;

6) мемлекетаралық және халықаралық ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламаларға қатысуға, шетелдік ұйымдармен келісім-шарттар жасасуға;

7) ғылыми ұйымның ғылымдағы халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес біліктілігін тануға арналған халықаралық аккредиттеуден өтуге;

8) ғылыми, ғылыми-техникалық, үйлестірушілік немесе басқа да консультациялық-кеңесші органдар құруға;

9) ғылыми кадрлар даярлауды және қайта даярлауды жүзеге асыруға құқығы бар.

4. Ғылыми ұйымдар ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың іске асырылу барысында ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер болдырмайтын бақылауды қамтамасыз етеді.

6-бап. Ұлттық ғылым академиялары

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы мен Қазақстан Республикасының Ұлттық инженерлік академиясы академия мүшелерінен тұратын республикалық қоғамдық бірлестіктер.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы ғылымды дамытудың басым бағыттарын айқындауға, мемлекеттік, салалық (секторлық) ғылыми-техникалық бағдарламалар, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің бағдарламаларын, сыйлықтарды алуға ұсынылған жұмыстарды ғылыми-техникалық сараптамалауға, жыл сайынғы Ғылым бойынша ұлттық баяндаманы және ғылыми басылымдар даярлауға қ а т ы с а д ы .

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық инженерлік академиясы Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық прогресінің және инновациялық-индустриалдық дамуының басым бағыттарын айқындауға, қолданбалы ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды ғылыми-техникалық сараптамалауға қатысады.

7-бап. Салалық ғылым академиялары және басқа қоғамдық бірлестіктер

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ғылым мен техниканың тиісті салаларында зерттеулер ұйымдастыратын және жүргізетін қоғамдық бірлестіктер нысанында салалық ғылым академиялары және ғылыми-техникалық сала мен тиісті салалардағы уәкілетті органдарымен Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген тәртіпте өзара ықпалдасатын басқа қоғамдық бірлестіктер құрылуы мүмкін.

2. Салалық ғылым академиялары және басқа қоғамдық бірлестіктер:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ғылыми зерттеулердің жобалары мен бағдарламаларын ғылыми-техникалық сараптамалауға, ғылыми-техникалық саладағы нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеуге қ а т ы с а д ы ;

2) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін елдегі ғылым салаларын дамытуға, ғылыми зерттеулердің болашағы бар бағыттарының іске асуына, ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін экономиканың нақты секторына енгізуге, ғылыми-инновациялық қызметті дамытуға, ғалымдардың кәсіби бірігуіне жәрдемдеседі.

3. Халықаралық танылуы бар, ғылымды дамыту бойынша жалпы мемлекеттік маңызы бар қызметті Қазақстан Республикасының барлық аумағында жүзеге асыратын салалық ғылым академиясына "ұлттық" мәртебесі беріледі.

8-бап. Ұлттық ғылыми зертханалар

1. Ұлттық ғылыми зертханалар заңды тұлға немесе ғылыми ұйымның немесе жоғары оқу орнының құрылымдық бөлімі нысанында құрылады және уәкілетті орган белгілеген тәртіпте отандық және шетел ғалымдарының зертхана негізінде ғылыми зерттеулер жүргізуге еркін қолжетімділікті қамтамасыз ету жолымен ғылыми зерттеулердің озық деңгейіне жету және материалдық-техникалық және кадрлық әлеуетті тиімді пайдалану мақсатында жұмыс істейді.

2. Ұлттық ғылыми зертханалар туралы ережені уәкілетті орган бекітеді.

3-тарау. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижесіне ғылыми зияткерлік меншік құқығы

9-бап. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижесіне ғылыми зияткерлік меншік құқығы

1. Тапсырыс беруші ақысын төлеп, өз тапсырысы бойынша жасатқан, құқықтық қорғауға ие ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың нәтижелерін пайдалануға құқылы.

2. Бюджеттік қаражат есебінен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындау нәтижесінде жасалған ғылыми зияткерлік меншік объектілеріне қорғау құжаттарын алу құқығы Үлгі шартқа сәйкес тапсырыс берушіге де, мердігер-ұйымға да тиесілі.

3. Мердігер-ұйым жұмыстар нәтижелерін Үлгі шартқа сәйкес үшінші тұлғаларға сатуға құқылы.

4. Тапсырыс беруші, мердігер және автор арасындағы қарым-қатынас тәртібі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен және Үлгі шартқа сәйкес анықталады.

4-тарау. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті басқару

10-бап. Ғылым саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері

Ғылым саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері:

- 1) ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мен елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің басымдылығы;
- 2) мемлекеттік қолдауды алу және мемлекеттік тапсырыстарды орналастыру кезінде

ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің айқындығы, объективтілігі
ж ә н е т е н д і г і ;

3) ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін мемлекеттік қолдаудың экономикалық тиімділігі мен нәтижелілігі;

4) білім алуды, оны технологияға трансформациялауды және оларды экономиканың нақты секторына трансферттеуге ынталандыру;

5) ғылыми-техникалық саясатты қалыптастыру мен іске асыру барысында мемлекеттік органдардың, ғылыми ұйымдар мен ғылыми қоғамдастықтың өзара ықпалдасуын қамтамасыз ету, мемлекеттік реттеу мен ғылыми ұйымдардағы өзін-өзі басқарудың үйлесімі болып табылады.

11-бап. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті мемлекеттік қолдаудың негізгі түрлері және принциптері

Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті мемлекеттік қолдаудың негізгі түрлері ж ә н е п р и н ц и п т е р і :

1) елдің ұлттық мүдделері мен әлеуметтік-экономикалық дамуының ұзақ мерзімді мақсаттарына сәйкес ғылыми және ғылыми-техникалық дамудың басым бағыттарын ынталандыру және оларды іске асыру үшін ресурстарды жұмылдыру;

2) іргелі, қолданбалы ғылыми зерттеулерді және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру;

3) ғылыми-техникалық қызмет инфрақұрылымын дамытуға ықпалдасу;

4) ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті дамыту, ғылым, білім мен өндірісті интеграциялау, нәтижелерді коммерцияландыру үшін, оның ішінде мемлекеттік және жеке меншік секторды ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді қаржыландыруды және іске асыруды ынталандыру жолымен жағдайлар жасау;

5) ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің басым бағыттары бойынша біліктілігі жоғары кадрлар даярлау, оның ішінде ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласына талантты жастарды тарту және орнықтыру үшін жағдайлар жасау;

6) шетелдік ғалымдар мен мамандарды тарта отырып, халықаралық ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық ынтымақтастықты дамыту;

7) ғылыми және ғылыми-техникалық жетістіктерді ақпараттық қолдау, насихаттау және көпшілікке тарату.

12-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті
Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты және оны жүзеге асыру жөніндегі шараларды әзірлейді;

2) Мемлекет басшысының қарауына ғылым және технологиялар саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды енгізеді;

3) Қазақстан Республикасындағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің басым бағыттарын бекітеді;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан іргелі және қолданбалы ғылым мен техниканы дамытудың болжамдары мен ұлттық басымдықтарын әзірлеу, жаңа технологияларды енгізу, нәтижелілігін бағалау, жүргізілетін ғылыми зерттеулерді бақылау мәселелері жөнінде консультациялық-кеңесші орган құрады;

5) ғылым саласындағы сыйлықтарды тағайындайды;

6) мемлекеттік ғылыми стипендияларды тағайындайды және олар туралы Ережені б е к і т е д і ;

7) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан консультациялық-кеңесші орган туралы е р е ж е н і б е к і т е д і ;

8) Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі е р е ж е л е р д і б е к і т е д і ;

9) республика үшін аса маңызды кешенді ғылыми-техникалық бағыттар бойынша мемлекеттік ұлттық ғылыми және ғылыми-инновациялық орталықтар құрады және олар туралы е р е ж е н і б е к і т е д і ;

10) Ғылыми ұйымдарды аккредиттеу ережелерін бекітеді;

11) бюджет қаражатын тартумен орындалатын Ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстарды жүргізуге арналған үлгі шартын бекітеді.

13-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті органның құзыретіне:

1) ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты і с к е а с ы р у ;

2) басқару шешімдерін қабылдауда бірыңғай тәсілді іске асыру жолымен іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер бағдарламаларын үйлестіру: саясатты тұжырымдау және іске асыру, басым ғылыми зерттеулерді қалыптастыру, жобалар мен бағдарламаларды ғылыми және қаржылық сараптамалау, Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы консультациялық-кеңесші органға оларды қаржыландыру (бірлесіп қаржыландыру) туралы ұсыныстарды дайындау, нәтижелерді сараптау;

3) Қазақстан Республикасында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің б а с ы м б а ғы т т а р ы н қ а л ы п т а с т ы р у ;

4) іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің бағдарламаларын әзірлеу және іске асырылуын қалыптастыру, орындау және аяқтау сатысында бақылау;

5) ғылыми ұйымдарды аккредиттеуді жүргізу;

6) іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің мемлекеттік ғылыми-техникалық және салалық (секторлық) бағдарламаларын іске асыруға қатысатын мемлекеттік органдардың қ ы з м е т і н ү й л е с т і р у ;

7) мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізуді ұйымдастыру;

8) Ғылыми ұйымның консультациялық-кеңесші органы туралы үлгі ережені, оның мүшелерін с а й л а у т ә р т і б і н қ о с а б е к і т у ;

9) Ғылыми ұйымдардың ғылыми және инженерлік-техникалық қызметкерлерін аттестаттау ережесін бекіту;

10) Ұлттық ғылыми зертханалар туралы ережені бекіту;

11) Ғылыми ұйымдарды аккредиттеу ережесін әзірлеу;

12) Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережені бекіту;

13) Жоғары академиялық дәрежелер мен ғылыми дәрежелер беру ережесін бекіту;

14) Ғылыми атақтар беру ережесін бекіту;

15) ғылым кандидаты және ғылым докторы ғылыми дәрежелерін беру туралы диссертациялық кеңестің шешімін бекіту;

16) Философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор академиялық дәрежелерін, ғылым кандидаты және докторы ғылыми дәрежесін алу үшін қорғалған диссертацияларды, мемлекеттік және салалық (секторлық) ғылыми-техникалық бағдарламаларын, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер бағдарламаларын, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды, сондай-ақ олардың нәтижелерін орындаушы-ұйымның меншік нысанына және қаржыландыру көздерінің түріне қарамастан мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту;

17) жыл сайынғы Ғылым бойынша ұлттық баяндаманы әзірлеуді ұйымдастыру;

18) іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер саласындағы мемлекеттік ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы ұсыныстар енгізу кіреді.

14-бап. Тиісті саладағы уәкілетті органның құзыреті

Тиісті саладағы уәкілетті органы құзыретіне:

1) мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу және республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын тиісті саладағы ғылыми зерттеулерді жүргізу бойынша жұмыстарын үйлестіру;

2) Қазақстан Республикасында тиісті саладағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің басым бағыттарын қалыптастыруға қатысу;

3) тиісті салада іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыруды жүзеге асыру;

4) тиісті салада мемлекеттік ұйымдар немесе мемлекеттік меншіктің үлесі бар ғылыми ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы ұсыныстар енгізу;

5) тиісті салада отандық және әлемдік ғылымның, білім, өндіріс пен ғылымның интеграциялануын қамтамасыз ету;

6) ведомстволық бағыныстағы ғылыми ұйымдар мен жоғары оқу орындарының кадрлық әлеуеті мен материалдық-техникалық базасының тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;

7) тиісті салада халықаралық ғылыми және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыру кіреді.

15-бап. Ғылыми ұйымдарды аккредиттеу

1. Ғылыми ұйымдарды аккредиттеу олардың негізгі ғылыми және

ғылыми-техникалық қызметінің тиімділігін айқындау және материалдық, еңбек және қаржы ресурстарын ұтымды пайдалану, ғылыми кадрларды даярлау жөніндегі жұмыстың тиімділігін бағалау үшін бес жыл мерзімге жүзеге асырылады.

2. Ғылыми ұйымдарды аккредиттеу еріктілік және объективтілік принциптеріне негізделеді.

3. Уәкілетті орган аккредиттеген ғылыми ұйымның Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық салада жұмыс жүргізуге құқығы бар.

4. Ғылыми ұйымдарды аккредиттеу ғылыми ұйымдардың өз қаражаты есебінен жүргізіледі.

5. Ғылыми ұйымның шетелдік агенттік жүзеге асыратын халықаралық аккредиттеуден өтуге құқығы бар.

16-бап. Ғылыми ұйымды басқару

1. Лауазымға тағайындау, лауазымнан босату және аттестаттау тәртібін Қазақстан Республикасы Президенті айқындайтын жекелеген мемлекеттік жоғары оқу орындарының бірінші басшыларын қоспағанда, тиісті саладағы уәкілетті орган мемлекеттік ғылыми ұйымның басшысын қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.

2. Ғылыми ұйымда ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет жөніндегі консультациялық-кеңесші орган - ғылыми (ғылыми, ғылыми-техникалық, техникалық) кеңес құрылады.

17-бап. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама

1. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың негізгі принциптері:

1) сараптамалық жұмысты және оның нормативтік және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуін ұйымдастыру жүйелілігі;

2) мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы жүзеге асыру кезіндегі тәуелсіздігі, объективтілігі және кешенділігі;

3) коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны сақтау;

4) сарапшылардың (сараптамалық ұйымдардың) біліктілігі және жоғары кәсіби деңгейі;

5) сараптамалық қорытындылардың шынайылығы, толықтығы және негізділігі үшін жауапкершілігі болып табылады.

2. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамадан өтуге міндетті объектілер:

1) бюджет қаражаты есебінен іске асырылатын қалыптасу, орындалу және аяқталу сатысындағы ғылыми-техникалық мемлекеттік, мемлекетаралық және басқа да бағдарламалар мен жобалар, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер бағдарламалары мен жобалары, тәжірибелік-конструкторлық және тәжірибелік-технологиялық жобалар;

2) мемлекеттік ғылыми және мемлекеттік меншіктің үлесі бар ғылыми ұйымдардың

материалдары (пайдаланылатын ғылыми зияткерлік меншік объектілері бөлігінде) же к е ш е л е н д і р у к е з і н д е ;

3) мемлекет мұқтажы үшін техника және технологияларды импорттау бойынша ж о б а л а р ;

4) ғылым мен техника саласындағы сыйлықтарды алуға ұсынылатын жұмыстар;

5) ізденушінің мемлекеттік ғылыми стипендия алуға ұсынатын материалдары б о л ы п т а б ы л а д ы .

3. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама өткізу үшін тиісті біліктілігі мен сараптамалық қызметті жүзеге асыру тәжірибесі бар ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметтің тиісті саласының сарапшылары (сараптама ұйымдары), ғылыми қызметкерлер мен ғылыми ұйымдар, оның ішінде шетелдік ғылыми қызметкерлер мен ғылыми ұйымдар конкурстық негізде тартылады.

4. Сарапшыларға (сараптама ұйымдарына) біліктілік талаптарын және мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру мен өткізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

5. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама өткізуді уәкілетті орган ұ й ы м д а с т ы р а д ы .

6. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамадан өтуге міндеттелетін объектілері болып табылмайтын ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметтің материалдары бойынша мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама, сондай-ақ бюджеттен тыс қаражат есебінен қаржыландырылатын қызметі аясында туындайтын мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамадан өтуге міндеттелетін объектілері бойынша мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жеке және заңды тұлғалардың тапсырысы бойынша ақылы негізде жүргізіледі.

7. Осы баптың 6-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамадан өтуге міндеттелетін объектілері бойынша мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізуге арналған қаражат уәкілетті органға ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті қаржыландыруға бөлінетін бюджет қаражаты шегінде қарастырылады.

18-бап. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті ақпараттық қ а м т а м а с ы з е т у

1. Ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет субъектілерінің ғылыми-техникалық ақпарат алуға құқығы бар. Құпия болып табылатын ғылыми және ғылыми-техникалық ақпаратқа қол жеткізу Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте және жағдайларда жүзеге асырылады.

2. Уәкілетті орган ғылым мен техника саласында ғылыми және техникалық ақпаратты жинау, мемлекеттік тіркеу, талдамалық өңдеу, ұзақ мерзімді сақтау және тұтынушыларға жеткізуді жүзеге асыратын мемлекеттік ақпараттық ресурс пен жүйені қалыптастыруды ұйымдастырады, отандық деректер базалары мен банкілерін есепке

алуды (Деректер базасы мен банкінің мемлекеттік тіркелімі) жүргізеді, Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде ғылыми және ғылыми-техникалық өнім шығаруға, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық нәтижелер туралы қағаз және электрондық жеткізгіштерде ақпарат алуға ықпалдасады.

19-бап. Ғылым мен білімді интеграциялау

1. Ғылым мен білімді интеграциялау саласындағы мемлекеттік саясат:

1) білім беру үдерісіне ғылымның озық жетістіктерін енгізу және жаңа білім беру бағдарламаларын ашу, оның ішінде оқыту процесіне ғылыми ұйымдар мен жекелеген ғ а л ы м д а р д ы т а р т у а р қ ы л ы ;

2) ғылыми ұйымдар мен жоғары оқу орындарының күш-жігерін іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің басым бағыттарына шоғырландыру;

3) ғылыми зерттеулердің нәтижелерін коммерцияландыру үшін университеттік инновациялық құрылымдарды тиімді пайдалану;

4) ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлаудың тиімді жүйесін қ а л ы п т а с т ы р у м е н д а м ы т у ;

5) студенттерді, магистранттар мен докторанттарды ғылыми зерттеулерге тарту, талантты жастарды болашақ ғалымдар даярлау үшін іріктеу және мамандардың ғылымға тұрақты келуін қамтамасыз ету;

6) ғылым-білім инфрақұрылымын құру жолымен жаңа білімді тиімді дамыту мен пайдалану, жоғары білікті мамандар мен ғылыми кадрларды даярлау сапасын арттыру және Қазақстан ғылымын әлемдік ғылымға интеграциялау принциптері негізінде ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

2. Ғылым мен жоғары білімді интеграциялау мақсатында өзара тиімді және тепе-теңдік негізде ғылым-білім инфрақұрылымының келесі нысандары: ғылыми-білім беру консорциумдары, зертханалар құрыла алады.

5-тарау. Ғылымды қаржыландыру

20-бап. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті қаржыландыруды қ а м т а м а с ы з е т у

1. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті, ғылым инфрақұрылымын қаржыландыру бюджеттік қаржыландыру мен жеке инвестициялар арқылы жүзеге а с ы р ы л а д ы .

2. Мемлекет ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті бюджеттік қаражат есебінен қаржылық қамтамасыз етуді мына бағыттар бойынша жүзеге асырады:

1) іргелі ғылыми зерттеулерді орындайтын мемлекеттік ғылыми ұйымдардың, ғылым саласындағы мемлекеттік мекемелердің және ұлттық ғылыми зертханалардың ғылыми және ғылыми-техникалық қызметін базалық қаржыландыру;

2) ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асыру үшін бағдарламалы-нысаналы принципке сәйкес, оның ішінде ғылыми гранттар түрінде, ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті қаржыландыру.

3. Базалық қаржыландыру - ағымдағы пайдаланылуы мен инфрақұрылымның дамуын, негізгі құралдарды күрделі жөндеу, оның ішінде бірегей зерттеу қондырғыларын, кадрлар даярлауды және қайта даярлауды, мемлекеттік тапсырыс бойынша іргелі ғылыми зерттеулерді орындайтын мемлекеттік ғылыми ұйымдардың, ғылым саласындағы мемлекеттік мекемелердің және ұлттық ғылыми зертханалардың ғылыми-техникалық қызметін ақпараттық және патенттік қамтамасыз ететін ғылымды бюджеттік қаржыландырудың негізгі тетіктерінің бірі.

4. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті бағдарламалы-нысаналы принципке сәйкес және ғылыми гранттар түрінде қаржыландыру іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды, сондай-ақ осы зерттеулерді жүргізу үшін қажетті нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеу қызметтері мен жұмыстарын ерекше тәртіпті қолдану, мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы міндетті түрде өткізу арқылы мемлекеттік тапсырысты конкурстық негізде ғылыми ұйымдарда орналастыруды білдіреді. Жобаларды іріктеудің негізгі өлшемі мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың нәтижелері болып табылады.

5. Ғылым қоры инновациялық сипаттағы басым, тәуекел және бастамашыл ғылыми зерттеулердің және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың дамуын қолдауға қаржыландыру, олардың нәтижелерін коммерцияландыру және ғылыми-техникалық өнімдер нарығын қалыптастыру жолымен қатысады.

21-бап. Мемлекеттік ғылыми ұйымдарды жекешелендіру

1. Жекешелендіруге жататын мемлекеттік ғылыми ұйымдардың, сондай-ақ мемлекеттің жүз пайыздық акциялар пакеті бар ғылыми ұйымдардың тізімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте анықталады.

2. Іргелі ғылыми зерттеулер жүргізетін мемлекеттік ғылыми ұйымдар акционерлеу мен жекешелендіруге жатпайды.

3. Іргелі ғылыми зерттеулерді орындайтын ғылыми ұйымдардың мемлекеттік акциялар пакеті жекешелендіруге жатпайды.

6-тарау. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті кадрмен қамтамасыз ету

22-бап. Ғылыми және ғылыми-техникалық кадрларды даярлау

1. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті кадрлармен қамтамасыз ету осы саладағы мемлекеттік саясаттың құрамдас бөлігі болып табылады.

2. Мемлекет ғылыми ұйымдарда ғылыми кадрлар даярлауды және қайта даярлауды ұйымдастырады.

3. Біліктілігі жоғары кадрлары және материалдық-техникалық базасы бар ғылыми ұйымдар белгіленген тәртіпте диссертациялық кеңестер, магистратура, докторантура ашуға, әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында ғылыми қызметкерлердің тағылымдамасын ұйымдастыруға және біліктілікті арттырудың басқа нысандарын пайдалануға құқылы.

4. Ғылыми бағыт бойынша магистрлерді даярлау ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру мен жүргізудегі дағдыларды алуға бағытталған арнаулы білім бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

23-бап. Ғылыми және инженерлік-техникалық қызметкерлерді
а т т е с т а т т а у

1. Ғылыми және инженерлік-техникалық қызметкерлерді аттестаттау:

1) ғылыми немесе инженерлік-техникалық қызметкердің кәсіби даярлық деңгейін, оның жұмысының нәтижелілігін бағалау;

2) ғылыми немесе инженерлік-техникалық қызметкердің біліктілігінің атқаратын қызметіне сәйкестігін айқындау;

3) ғылыми немесе инженерлік-техникалық қызметкердің қабілетін пайдалану болашағын анықтау, оның кәсіби деңгейін арттыруын ынталандыру;

4) ғылыми және инженерлік-техникалық қызметкердің кәсіби даярлығын, біліктілігін арттырудағы қажеттігін айқындау мақсатында ғылыми ұйымдарда үш жылда бір рет жүзеге асырылады.

2. Ғылыми және инженерлік-техникалық қызметкерлерді аттестаттау ережелерін уәкілетті орган бекітеді.

7-тарау. Ғылым мен техника саласындағы халықаралық қызмет

24-бап. Халықаралық ғылыми және ғылыми-техникалық
ы н т ы м а қ т а с т ы қ

1. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы халықаралық ынтымақтастық Қазақстан Республикасы заңнамасының және халықаралық шарттардың негізінде жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасында халықаралық және шетелдік ғылыми ұйымдарды, шетелдік ғылыми ұйымдардың филиалдарын құру халықаралық шарттар негізінде және Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасында басқа мемлекеттерде берілген ғылыми және академиялық дәрежелер "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және осы Заңда белгіленген тәртіпте танылады.

8-тарау. Қорытынды ережелер

25-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу

1. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейіп күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. "Ғылым туралы" 2001 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 15-16, 226-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 15, 92-құжат; 2007 ж., N 20, 152-құжат) күші жойылды деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК